

## Қайталама қара және түсті металдар рыногы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 13 наурыз N 383. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.14. N 1203 қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.14. N 1203 қаулысымен.*

"Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ қайталама ресурстарды ұтымды пайдалану, қайталама қара және түсті металдар рыногын реттеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтық түсімдерді арттыру, қоршаған ортаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### 1. Қоса беріліп отырған:

1) 1-қосымшаға сәйкес Заңды тұлғалардың қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың ережесі (бұдан әрі - Ереже);

2 ) < \* >

*Ескерту. 2)-тармақша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 691 қаулысымен .*

2 . < \* >

*Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 691 қаулысымен .*

2-1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) 2004 жылғы 15 шілдеге дейін Лицензиаттардың қызметін Ережеде көзделген талаптарға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) 2004 жылғы 15 тамызға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетімен және Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігімен (қаржы полициясы) өзара іс-қимыл тәртібін әзірлесін және бекітсін;

3) тоқсан сайын, тоқсанның соңғы айының 25-күні өнеркәсіп саласындағы орталық уәкілетті органға берілген, тоқтатыла тұрған және қайтарып алынған лицензиялар, мамандандырылған кәсіпорындардың тізбесіне енгізілген заңды тұлғалар туралы, сондай-ақ лицензияларды тоқтата тұру және қайтарып алу жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыс туралы есеп берсін.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 691 ,*

2004.12.24. N 1370 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті "заңды тұлғалардың түсті және қара металдар сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату" қызметі түрі бойынша электронды мониторингін жүргізуді, мониторинг бойынша ақпаратты ай сайын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне және Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігіне (қаржы полициясы) және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне бере отырып, қамтамасыз етсін.

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 , 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.06.23. N 691 қаулыларымен.*

4. 3-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының және Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап екі ай өткеннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 13 наурыздағы  
N 383 қаулысына  
1-қосымша

**Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметіне лицензиялар берудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату саласындағы қызметін лицензиялауды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері (бұдан әрі - Лицензиар) жүзеге асырады.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 , 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді),*

2-1. Осы Ереженің әрекеті қызметінің мәні қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату болып табылмайтын заңды тұлғаларда жинақталған түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сатуға қолданылмайды.

*Ескерту. 2-1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.12.24. N 1370 қаулысымен.*

## **2. Негізгі ұғымдар**

3. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау) - заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жеке және/немесе заңды тұлғалардан сатып алу (жинау) жөніндегі қ ы з м е т і .

*Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 қаулысымен .*

4. Түсті және қара металдардың сынықтарын қайта өңдеу - металл сынықтарын тиісті стандарттардың талаптарына сәйкес металлургиялық өндірістердегі металл шихталар ретінде жарамды жағдайға дейін дайындау.

5. Түсті және қара металл сынықтарын сақтау - сынықтар мен қалдықтарды жауапты сақтау жөніндегі арнайы алаңдарды, қоймаларды ұйымдастыру және п а й д а л а н у .

6. Металлургиялық қайта жасау - түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын қайта өңдеудің металлургиялық пештерде қайта құюды қ а м т и т ы н түрлері .

7. Қайталама түсті қорытпалар - түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын құйымдар, құймалар және құйындылар түрінде қайта өңдеу өнімі.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 ( өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен.*

8. Түсті және қара металдар сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пункті - негізгі өндірістік базаның (бас ұйымның, филиалдың (өкілдіктің)) аумағында орналасқан ретте жеке және/немесе заңды тұлғалардан және одан тысқары орналасқан ретте тек жеке тұлғалардан түсті және қара металдар сынықтары мен қалдықтарын сатып алуға арналып, осы ережеге сәйкес ұйымдастырылған және ж а б д ы қ т а л ғ а н өндіріс алаңы .

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 қаулысымен.*

## **3. Лицензия берудің тәртібі мен шарттары**

9. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату жөніндегі қызметке лицензия біліктілік деңгейі белгіленген талаптарға сәйкес келетін заңды тұлғаға (бұдан әрі -

Лицензиат) беріледі.

10. Лицензияның "лицензияның ерекше шарттары" бағанында лицензия берілген қызметтің (металлургиялық қайта жасауды қамтитын және қамтымайтын) түрі (түрлері) көрсетіледі.

11. Лицензия Лицензиаттың орналасқан жері көрсетіле отырып, бір дана ресімделеді.

Негізгі өндірістік база заңды тұлғаның аумақтық тіркелген жері бойынша орналасуға тиіс.

Қабылдау пункттері тек Лицензиаттың негізгі өндірістік базасы немесе филиалы (өкілдігі) орналасқан облыста, Астана және Алматы қалаларында ғана ашылуы мүмкін. Лицензиар оң шешім қабылдағаннан кейін қабылдау пункттері олардың орналасқан жері көрсетіліп, Лицензияға қосымшамен ресімделеді.

*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 , 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулыларымен .*

12. Лицензия қатаң есептегі құжат болып табылады және Лицензиатта сақталады .

13. Лицензиат Лицензия алу үшін Лицензиарға Заңның 16-бабында көзделген құжаттарды ұсынады .

13-1. Ұсынылған құжаттар парақ саны көрсетіліп тігілген, мөрмен бекітілген, заңды тұлғаның бірінші басшысы қол қойған болуы тиіс (құжаттардың көшірмелері нотариалды куәландырылған болуы тиіс).

*Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен.*

14. Лицензияны алуға арналған өтініш оны беру кезінде, барлық қажетті құжаттар болған жағдайда Лицензиардың міндетті тіркеуіне жатады. Лицензия беру туралы өтініште өтініш берушінің орналасқан жері, сондай-ақ оның филиалдары мен өкілдіктерінің заңды мекен-жайы көрсетілуі тиіс.

15. Өтініш беруші Лицензия алу үшін Лицензиарға ұсынылатын құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауаптылықта болады .

16 . < \* >

*Ескерту. 16-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 691 қаулысымен .*

17. Өтініш беруші ұсынған құжаттардағы мәліметтерді тексеру қажет болған жағдайда Лицензия беру туралы шешім тексеру жүргізілгеннен кейін, бірақ Лицензиар өтінішті тіркеген күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - 10 күннен кешіктірілмей қабылданады.

18. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығына

арналған алымның мөлшері, оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленеді.

19. Заңды тұлғаны қайта тіркеген, мекен-жайы, банктік және басқа да деректемелері өзгерген кезде, сондай-ақ заңды тұлғаның атауы өзгерген кезде Лицензиат ол туралы Лицензиарға 30 күннің ішінде хабарлауға міндетті.

*Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен.*

20. Лицензиат қызметтің осы түрімен айналысатын филиалдар (өкілдіктер) ашқан жағдайда Лицензиат филиалдардың (өкілдіктердің) осы Ереженің 21, 22-тармақтарымен айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тапсырады. Лицензиар оң шешім қабылдағаннан кейін филиалдар (өкілдіктер) олардың орналасқан жерін көрсете отырып, Лицензияға қосымшамен ресімделеді.

< \* >

*Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372, өзгерту енгізілді - 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен.*

2 0 - 1 . < \* >

*Ескерту. 20-1-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен.*

2 0 - 2 . < \* >

*Ескерту. 20-2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулысымен.*

#### **4. Біліктілік талаптары**

21. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу жөніндегі қызметке (металлургиялық қайта жасауды қамтымайтын) Лицензия алуға үміткер заңды тұлғаларда мыналар болуы тиіс меншік құқығында:

1) өрт қауіпсіздігі, тау-кен-техникалық және экологиялық қадағалау талаптарына жауап беретін санитарлық және құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келетін мамандандырылған өндірістік база;

2) жер учаскесі (ұзақ мерзімді жалға алу құқығында пайдаланылуы мүмкін).

Аумақ қоршалған, күзетілетін және мынадай мөлшерлерде болуы тиіс: түсті металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 400 шаршы метр;

қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін - кемінде 1000 шаршы метр.

Аумақ автокөлік үшін кірме жолдармен және кірме темір жолдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Сынықты жинау (дайындау), сақтау және қайта өңдеу орны асфальтталуы немесе онда қатты жабынды болуы тиіс;

3) санитарлық және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін жұмыс істейтін қызметкерді орналастыру үшін қызметтік үй-жай;

4) кемінде 50%-і тіркелген және тау-кен-техникалық қадағалау саласындағы уәкілетті органдар қызметтерінің тиісті рұқсаты бар электромагниттік шайбамен не грейферлік қапсырулармен жарақталуы тиіс кемінде жүк көтергіштігі 5 тонна стационарлық немесе ұтқыр жүк көтергіш жабдық, сондай-ақ жүк көтергіш крандарды пайдалануға Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі берген мемлекеттік лицензияның болуы;

5) қара металдар сынығын отпен кесуге арналған жабдық, оның ішінде қысыммен жұмыс істейтін сосудтарды пайдалануға Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі берген мемлекеттік лицензия болған кезде қысыммен жұмыс істейтін сосудтар (репициенттер);

6) оттегі және пропан бар баллондарды сақтауға арналған орын;

7) қара металдардың салмағы жеңіл сынығын, су пышақтарды пакеттеуге арналған прес, жоңқаны сорттауға және ұсақтауға арналған қондырғы;

8) кәсіпорындардан және ұйымдардан металл сынықтарын дайындау үшін автокөлік (КАМАЗ-дар, МАЗ-дар, автокрандар мен басқа да автокөлік);

9) таразы шаруашылығы (автомобиль, темір жол таразылары) және мемлекеттік тіркелімге енгізілген, тиісті орган тексерген басқа да метрологиялық ж а б д ы қ ;

10) қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын және қорытпаларды топтары, түрлері, маркалары мен сорттары бойынша бөлек сақтауға арналған контейнерлер немесе алаңдар ;

11) түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын сақтауға арналған жабық үй - ж а й л а р не қ а л қ а л а р ;

12) сынықтар мен қалдықтарды сорттауға, кесуге және пакеттеуге арналған жабдықтар мен құрал-саймандар бар арнайы алаңдар немесе өндірістік үй - ж а й л а р ;

13) өрт қауіпсіздігінің міндетті талаптарына жауап беретін (МЕМСТ 12.1.004-76) және өрт сөндіру құралдарымен жарақталған өндірістік объектілер;

14) өрт сөндіру құралдарымен жарақталған түсті және қара металдардың жарылыс қаупі бар сынықтарына арналған қойма;

15) мемлекеттік тіркелімге енгізілген және тиісті орган тексерген қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтары радиациясының деңгейін өлшеуге арналған дозиметрлік жабдық;

16) МЕМС-тардың талаптарын орындауды қамтамасыз ететін пайдаланатын



жабдықпен жұмыс істеуге арналған білікті қызметкер және металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату мәселелеріне қатысты нұсқаулықтар;

17) аудиторлық ұйым растаған кемінде 80 000 (сексен мың) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі қысқа мерзімді активтер;

18) заңды тұлға мен филиалдарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

19) Лицензиат бекіткен Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау және қайта өңдеу жөніндегі нұсқаулық;

20) электронды мониторинг желісіне қосуға және оны бас ұйым үшін жүргізуге арналған компьютерлік техника мен тиісті бағдарламалық қамтамасыз ету;

21) стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы уәкілетті органның түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау және қайта өңдеу шарттары бойынша тексеру актісі;

22) өнеркәсіп саласындағы орталық уәкілетті органның келісуі.

*Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 ( өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгеріс енгізілді - 2004.06.23. N 691 , 2004.12.24. N 1370 , 2006.04.28. N 340 қаулыларымен.*

22. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу (металлургиялық қайта жасауды қамтитын) жөніндегі қызметке Лицензия алуға үміткер заңды тұлғаларда:

1) меншік құқығындағы металлургиялық қайта жасауды қамтамасыз ететін мамандандырылған өндірістік ғимараты, құрылысты, жабдықтарды қамтитын өндірістік-техникалық базасы;

2) Мемстандарттың талаптарына сәйкес келетін өнімдерді дайындауды қамтамасыз ететін технологиялық регламенті, техникалық жағдайлары;

3) келісілген және белгіленген тәртіппен бекітілген қайталама металдарды ұқсату жөніндегі цехтың жұмыс жобасы, балқыту пешіне арналған техникалық құжаттамалары, мемстандарттың тексеру актісі;

4) еңбектің қауіпсіздігі мен шығарылатын өнімнің сапасын бақылауды қамтамасыз ететін қызметтері, бөлімшелері немесе жауапты адамдары;

5) шығарылатын өнімнің сапасын бақылау жөніндегі өлшеу аспаптары;

б) балқымалар журналын, бұйымдарды таңбалау жүйесін, өнімдердің тиелетін (автомобиль, контейнер, вагон) партияларына орау парақтарын ресімдеу тәртібін қамтитын дайын өнімді, оны тиеуді, сатуды құжаттауға мүмкіндік беретін есепке алу жүйесі. Шығарылған өнімнің сапасын (сапа сертификаты, сапа төлқұжаты, орау жапсырмасы), тауарлық таңбасын растайтын құжаттары болуы тиіс.

22-1. Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пункттерін ашқан кезде заңды тұлғаларда мыналар болуы тиіс:

1) қолма-қол ақшамен жұмыс істеу үшін ыңғайластырылған үй-жай (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальды жады бар бақылау - кассалық аппараты);

2) мемлекеттік тізілімге енгізілген, тиісті орган тексерген таразы шаруашылығы;

3) қабылдау пунктінің Лицензиатқа тиесілі екендігін растайтын құжаттар (лицензияның нотариалды расталған көшірмесі);

4) қабылдау пунктінің заңды тұлғаға тиесілігі, лицензияның номері, жұмыс режимі көрсетілген маңдайшасы;

5) кемінде 200 шаршы метр, бірақ 500 шаршы метрден аспайтын алаңы. Қабылдау пункті адамдар тұратын тұрғын үйлердің аумағына орналаспауы тиіс.

*Ескерту. 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.23. N 691 қаулысымен.*

#### **5. Лицензиаттың міндеті**

23. Лицензиат Лицензиарға жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірмей жыл қорытындысы бойынша Лицензиар бекіткен нысан бойынша есеп береді.

Лицензиат Лицензиарға жыл сайын Лицензиар бекіткен нысан бойынша есептіден кейінгі жылдың 15 наурызынан кешіктірмей жылдың қорытындылары бойынша қызметі туралы есепті ұсынады. Тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күннен кешіктірмей Лицензиат Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті бекіткен нысандар бойынша электронды мониторинг жүргізу үшін есепті Қаржы министрлігінің Салық комитетіне ұсынады.

Ай сайын, есептіден кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Лицензиат тіркеу орны бойынша салық комитетіне сынық тапсырушының тегін, атын және әкесінің атын, сынық тапсырушының СТН-ін, тапсырылған сынықтың санын, беруге арналған соманы және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ұсталған табыс салығының сомасы мен басқа да салықтарды төлеуді көрсете отырып, түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау туралы есепті ұсынады (электронды тасымалдаушыда).

*Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 , 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.06.23. N 691 қаулыларымен.*

24. Лицензиат сынықтар мен қалдықтардың қозғалысын тіркейтін құжаттар мен есептерді 5 жыл бойы сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.



25. Лицензиаттың осы Ережеге қосымшаға сәйкес, тәртіпке сәйкес жеке адамдардан кара және түсті металдардың сынықтарын қабылдауды жүзеге асыруға құқығы бар.

Лицензиат түсті және кара металдар сынықтары мен қалдықтарын экспортқа тиеуді тек Лицензияда көрсетілген негізгі өндірістік базаның немесе филиалдардың (өкілдіктердің) аумағынан ғана жүзеге асыруға міндетті. Қайталама түсті қорытпаларды ерекше жағдайларда: "металлургиялық бөліністі қоса алғанда" деген жазуы бар Лицензия негізінде тең жүзеге асырылсын.

*Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 қаулысымен.*

## **6. Лицензияның қолданылуын қайтарып алу және тоқтата тұру**

26. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату, қайтып алу, жарамсыз деп тану, сондай-ақ беруден бас тарту Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

27. Лицензияны тоқтата тұрудың себептері Лицензиар мен басқа да құзіретті мемлекеттік органдар жасаған тексеру актісінде жазылуы тиіс.

28. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап түсті және кара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), қайта өңдеуді және сатуды тоқтатады, салық органының және Лицензиардың өкілдерімен бірлесіп үш күн ішінде сынықтар мен қалдықтардың қалдығын түгендеу актісін жасайды.

*Ескерту. 28-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), өзгерту енгізілді - 2004.06.23. N 691 қаулыларымен.*

29. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерінің жойылғанын Лицензиар мен басқа да құзіретті мемлекеттік органдардың қатысуымен комиссия растауы тиіс.

30. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерінің жойылғаны туралы Лицензиардың жазбаша хабарлауынан кейін Лицензияның қолданылуы жаңартылады. Жазбаша хабарламаға тексеру актісі қоса беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 13 наурыздағы

N 383 қаулысына

2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 , 2003.12.22. N 1294 (өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) қаулыларымен.*

Қызметтің лицензияланатын түрі мына мекен-жайда жүзеге асырылады:

**Лицензиялық талаптар**

Түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын қабылдау пункттерін ашқан кезде Лицензиат бұл туралы Лицензиарды қабылдау пунктiнiң заңды мекен-жайын хабарлай және лицензияға қосымша ала отырып, алдын ала құлақтандыруға мiндеттi.

Қабылдау пунктiнiң:

- қолма-қол ақшамен жұмыс iстеу үшiн ыңғайластырылған үй-жайы (сейф немесе арнайы жабдықталған касса, байланыс құралдары, фискальды зердесi бар бақылау-кассалық аппараты) болуы;

- тексеруден өткiзген таразылармен жабдықталуы;

- қабылдау пунктiнiң Лицензиатқа тиесiлi екендiгiн растайтын құжаттары (лицензияның нотариалдық расталған көшiрмесi) болуы;

- қабылдау пунктiнiң заңды тұлғаға тиесiлiгi, лицензияның нөмiрi, жұмыс режимi көрсетiлген маңдайшасы болуы;

- адамдар тұратын тұрғын үйлердiң аумағына орналаспауы және кемiнде 200 шаршы метр, бiрақ 500 шаршы метрден көп емес алаңы болуы тиiс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к i м е т i н i ñ

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 3 н а у р ы з д а ғ ы

№ 3 8 3 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң кейбiр күшi жойылған шешiмдерi мен Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiлетiн қаулыларының тiзбесi**

1. "Заңды тұлғалардың қара және түстi металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндеу және сату жөнiндегi қызметiн лицензиялау тәртiбiн бекiту туралы" ҚР Үкiметiнiң 1998 жылғы 29 қыркүйектегi № 969 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., № 34, 313-қ ұ ж а т ; ) .

2. "Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1998 жылғы 29 қыркүйектегi № 969 қаулысына толықтыру енгiзу туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1999 жылғы 5 ақпандағы № 98 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 1894 және 1998 жылғы 29 қыркүйектегi № 969 қаулыларына өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1999 жылғы 5 шiлдедегi № 924 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1998 жылғы 29 қыркүйектегi № 969 қаулысына өзгерiстер мен толықтырулар енгiзу туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 1999 жылғы 30 қыркүйектегi № 1500 қаулысы .

5. Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң мынадай шешiмдерiне өзгерiстер мен

толықтыру

енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат;) аталған қаулыға

4 - қ о с ы м ш а д а :

"Өңделмеген қайталама алюминий қорытпалар: кесек түрінде,

760120910, 760120990,

7603-7616 (тек қайталама

қорытпалар)

б а с қ а л а р ж ә н е

олардан жасалған бұйымдар

деген жолдар алынып тасталсын;"

2) "Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинаумен (дайындаумен), сақтаумен, өңдеумен және сатумен айналысатын шаруашылық субъектілерінің қызметін бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 қаңтардағы N 23 қаулысында :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті ТМД СЭҚ ТН кодтары бойынша: 7601 20 910, 7601 20 990, 7606 11 990, 7606 12 500, 7606 12 990, 7606 91 000, 7606 92 000, 7616 99 100 түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын, сондай-ақ қолданыста болған рельстерді, темір жол төсеніші мен жылжымалы құрамның элементтерін Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан контрабандалық әкетудің жолын кесу мақсатында тек қана темір жол көлігімен экспортқа рұқсат етілсін. Түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын, сондай-ақ қолданыста болған рельстерді темір жол төсеніші мен жылжымалы құрамның элементтерін транзиттік өткізу кезінде кеден декларацияларында әкелінген жүктің нақты салмағы белгіленсін және әкету кезінде ілеспе құжаттардың жүктің нақты мөлшеріне сәйкестігін бақылау күшейтілсін.";

4-тармақ алынып тасталсын.

### **Ережеге қосымша**

### **Лицензиаттың жеке адамдардан түсті және қара металдардың сынықтарын қабылдау тәртібі**

1. Лицензиат жеке адамдардың тек тұрмыстық мақсаттағы немесе осы жеке адамға меншік құқығында тиесілі түсті және қара металдар сынықтары мен қалдықтарын ғана қабылдай алады. Жеке адамдардан сынықтарды сатып алу Сатып алу актісімен құжаттамалық ресімделеді. Актінің нысанын Лицензиар б е к і т е д і .

Сатып алу актісі мынадай ақпаратты:

- актіні ресімдеу орны мен күнін;
- сынықты тапсырушының Тегін, атын, мекен-жайын;
- жеке басын куәландыратын құжатты;
- салық төлеушінің тіркеу нөмірін;
- сынығының көлемі мен Лицензиар барлық Лицензиаттар үшін бекіткен үлгілік номенклатураға сәйкес оның сипаттамасы;
- сынықты тапсырушының сөзінен сынық тегінің сипаттамасын;
- Сатып алу актісін ресімдеген жауапты адамды;
- Сынықтары мен қалдықтарын өлшеуді, сынығының сипаттамасын жүргізген жауапты адамды қамтуы тиіс.

Сатып алу актісі, біреуі сынық тапсырушыға берілетін, екіншісі Лицензиаттың бухгалтериясында сақталатын, үшіншісі қабылдау пунктінде сақталатын үш данада жасалады.

Сатып алу актісі жеке адамдардан дайындалған сынықтардың есебін жүргізу журналында тіркеледі.

Есеп жүргізу журналы нөмірленген, тігілген және Лицензиаттың мөрімен бекітілген болуы тиіс.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 қаулысымен.*

2. Лицензиат жеке адамдардан сынықтарды сатып алу кезінде Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес тиісті салықтарды ұстап қалуға міндетті.

3. Жеке адамдардың электротехникалық, өнеркәсіптік, әскери және зымырандық-ғарыштық тектегі сынықтардан, байланысты желілері кабельдерінен, сондай-ақ қолдануда болған рельстерден, темір жол төсеніштері және жылжымалы құрам бөліктерінен басқа түсті және қара металдар сынықтары мен қалдықтарын өткізуге құқығы бары.

*Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 қаулысымен.*

4. Түсті (электротехникалық текті), қара (рельстер, темір жол төсеніштері мен жылжымалы құрамның қолданыстан шыққан элементтері) металдардың сынықтарын тапсыруды, тізбесін тиісті министрліктердің ұсынуы бойынша Лицензиар бекітетін, "түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және сату" қызметі түріне лицензиясы бар қызметі мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372 , 2004.06.23. N 691 , 2004.12.24. N 1370 қаулыларымен.*

*Ескерту. 5-тармақ алып тасталды- ҚР Үкіметінің 2001.03.20. N 372  
қ а у л ы с ы м е н .*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК